«Бекітемін»
Мектеп директорының м.а.
_____ Ш.М. Айтжанова
«___» _____2023ж.

«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылындағы
«Көркем жазу»
үйірме сабағының жылдық есебі
4 СЫНЫП

Пән мұғалімі: Боранбаева М.М.

Көркем жазу үйірмесінің жылдық қорытынды есебі

Бастауыш сынып оқушыларын көркем жазуға үйретудің әдіс-тәсілдері

Бастауыш мектептердің алдына қойылатын жауапты міндеттердің бірі- оқушылардың таза, көркем жазуын қалыптастыру. Өйткені каллиграфиялық мәдениет жалпы жазу мәдениетінің аса қажетті саласы екені белгілі. Жазудың әдемі болуы оқушының мінез-құлқын тәрбиелеуге, әсемдік сезімін оятуға, ой өрісін дамытуға мейліше әсер етеді. Таза, сұлу жазылған жазба жұмыстары оңай, тез оқуға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар сырттай көрер көзге де сүйкімді. Көркем жазу оқушыны ұқыптылыққа, тыңғылықтылыққа, еңбексүйгіштікке баулиды.

Көркем жазудың негізі бастауыш сыныптарда қалыптасады. Бастауыш мектепке арналған қазақ тілі бағдарламасында әдемі жазуға қойылатын негізгі талаптар белгіленген.

1-сыныпта көркем әліппе кезеңінен басталып, оқу жылының соңына дейін үзбей жетілдіріледі. әдетте, мұғалім жалпы жазу жұмысын, оның ішінде көркем жазуды, бастаудан бұрын сыныппен біршама даярлық жұмыстарын жаза білу икемділігін меңгеруге керекті төмендегідей дәстүрлі ережелерді қамтиды:

1. Оқушыларды жазу кезінде дұрыс отыруға машықтандыру (аяқтың еденге немесе столдың табалдырығына толық тірелуі, екі білектің стол үстінде болуы, сол қол шынтағының стол- парта бетінен аздап (1-2 см) шығыңқы болуы, бастың сәл ғана еңкейіңкі болып, көз бен қалам ұшы ара қашықтығының 25-30 см-ден кем болмауы, денені түзу ұстау, кеудені стол бетінен 3-5 см алшақ етіп отыру).

Дұрыс отыру ережелері орындалмаса, жас балалардың дене пішіні мен көзіне едәуір зақым келетінін мұғалім естен шығаруға тиіс емес.

2. Дәптерді дұрыс орналастыру (дәптер кеуденің ортасына бағытталып, оң жақ ұстіңі бұрышы-жоғары, сол жақ ұстіңгі бұрышы төмендеу еіліп, көлбеу қойылады. Стол жиегінен көлбеу бұрышы 25 с болу керек).

3. Қаламды дұрыс ұстауға машықтандыру (қаламды үш саусақпен қарыстырмай, еркін ұстау, сұқ қолымен үстінен, бармақпен- сол жағынан, ортаңғы саусақпен қағазға әлсіз тиіп, солдан оңға қарай еркін қимылдап, жылжып отыруға тиіс, саусақтар қалам ұшынан 2-2,5 см қашықтықта болуы тиіс, пастаны жиі тексеріп, ауыстырып отыру, оның қатып қалмауын, еріп кетпеуін қадағалау).

Бұл талаптарды орындау бастауыш сынып білім алушылары үшін айтарлықтай жеде оңайлыққа түспейді. Әсіресе, мектепке алғаш келген бірінші сынып білім шылары дұрыс отыру ережесін орындауға бірден төселіп, көніге алмайды. Баланың еркі ғалып, жиі қимыл жасап отыруы табиғи қажеттілік екені белгілі. Сондықтан мұғалім жаз арысында, біршама уақыт өткен соң, ара-тұра қозғалыс миңуттарын өткізіп тұруға тиіс, сол иықты, дәптерді стол үстіне дұрыс орналастырып, қаламды дұрыс ұстау икемділігі үлкен төзімділікті, мұғалім тарапынан ұдайы қадағалауды, сыныппен, ондағы әрбір білім алушымен жалықпай жұмыс жүргізуді керек етеді.

Аталған ережелерді меңгергеннен кейін, оқушылар кіші әріптер мен бас әріптерді жазуға көшеді. Әріптерді сөз ішінде бір-бірімен дұрыс байланыстырып қоса білуді үйренед Сауат ашу кезеңі біткен соң, әріптерді дұрыс таңбалап жазуды қалыптастыру мақсатымен көркем жазу сабақтары жүргізілуге тиіс. Бұл кезеңдегі көркем жазу жұмысы тығыз да қарқынды етіліп өткізуді қажет етеді. Жазуды жазылуы оңай әріптермен бастап, жазылуы қиын әріптерді жазуға біртіндеп көшкен жөн. Басқаша айтқанда, жазу жұмысы әріптер тобы бойынша өткізіледі. Көркем жазуға арналған жаттығулардың қатарына әріп элементтері мен тұтас әріптерді жазу ғана емес, сонымен қатар жеке сөздер мен сөйлемдерді жазу да кіред Оқу жылының аяғында оқушылардың жазу қарқынын (темпін) біртіндеп жылдамдатуға көңіл бөлінеді. Кіші әріптер мен бас әріптерді алфавит ретімен жазу икемділігі қалыптастырылады.

Жазу жұмысының жақсарту үшін мұғалім оқушы дәптерін жүргізуге қойылатын төмендегідей біртұтас арнайы талаптарды жүзеге асырады.

Аса ұқыпты, түсінікті етіп жазу.

Дәптердің сыртқы бетіне жазылатын жазулардың біркелкі болуы, оның қандай мақсатқа арналғанын көрсету (қазақ тіліне арналған дәптер, ана тіліне арналған дәптер т.б.), (сыныбы мектептің нөмірі мен аты, өз фамилиясы мен өз атын жазып қою).

1 сынып оқушыларына арналған дәптердің сыртына жазылатын жазу үлгісін мұғалімнің өзі жазады.

Шетіндегі ашық жолдарды басып жазбау.

1 сыныптың қазақ тілі мен математика пәні бойынша бірінші тоқсандағы жұмыстары.

1 сыныпта екінші жарты жылдықтан бастап, сондай-ақ 1-4 сыныптарда жазба жұмысының арнаулы мерзімі көрсетіледі. Цифрлардан соң дефис қойылмайды.

5. жаттығу мен есеп нөмірлерін қою, жазба жұмысының қайда орындалғанын (сыныпта, үйде) көрсету.

6. Азат жолдарды сақтап жазу.

7. 1-4 сыныптарда әрбір жазба жұмысының тексін, жұмыстың датасы мен тақырыбы (аты) көрсетілген бетте азат жолдан бастап жазу.

Қазақ алфавитіндегі әріптерді жазуға үзіліс жасау-жасалмауына қарай төменгі топтарға бөліп қарауға болады.

лиссіз жазылатын бір элементті кіші әріптер: ә,б,в,г,е,о,с,ь.

зіліссіз жазылатын көп элементті кіші әріптер: а,д,з,и,л,м,н,ң,п,т,у,ү,h,ц,ч,ш,щ,ы,ю,я.

Бір үзіліспен жазылатын кіші әріптер: ғ,й,к,қ,ө,р,ұ,х,і,э.

Екі үзіліспен жазылатын кіші әріптер: ф,ж.

Ескерту: Ж әріпінің элементтерін екі түрлі етіп жазуға болады:

Бас әріптер

1. Үзіліссіз жазылатын бас әріптер: А,Ә,В,Д,Е,З,И,Л,М,Н,О,С,У,Ү,Ц,Ч,Ш,Щ,Ы,І,Ю,Я.
2. Біз үзіліспен жазылатын екі элементті бас әріптер: Б,Г,Р,Х,К,Қ,Ұ,Ө,Э.
3. Екі үзіліспен жазылатын бас әріптер: Г,Ж,П,Е,Ф.
4. Үш үзіліспен жазылатын төрт элементті бас әріп: Т.

Қорытынды.

Қоғам мен жалпы білім беретін мектептердің сұранысына сәйкес бастауыш мектеп буында көркем жазу пәнінің мәні зор. Оқушылардың жазу дағдысы қалыптастыру оны кейінгі сыныптарда жетілдіру үшін, жазу әрекеті мен психофизиологиялық әрекеттерін ескеру жазуға үйренудің әр тәсілдерінен қарулану тек көркем жазу сабағында жүзеге асады. Ол үшін бастауыш сынып оқушыларында графикалық каллеграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру процессінің психологиялық физиологиялық дидактикалық негіздерін ашу керек.

Сонымен қатар оқушыларды жазу кезінде дыбыс таңбаларын дұрыс қолданып, көркем әрі сауатты жазумен бірге, айтылған ойды жылдам жазуға, оқылған текстi есте сақтап жазуға үйрету де өзекті мәселелердің бірі.

Бір қарағанда әліпбидегі санаулы дыбыс таңбаларын әдемі және жылдам жазуға балаларды үйрету онша көп қиындық келтірмейтін сияқты. Шын мәнінде бұл дағдыларды оқушылар бойында қалыптастыру барысында мектептің алдында көптеген қиындықтар кездеседі. Жазба жұмыстарын көптеп орындатуға қарамастан, кейбір оқушылар дыбыс таңбаларын, олардың бір – бірімен байланысу жолдарын жазу кезінде қолдана біледі. Дыбыс таңбаларын көркем әрі айқын жазуға дағдыланса да, жылдам жазуға әдеттенбегендіктен, айтылған ойға ілесе алмайды әрі жазу сауаттылығы мен анықтығы төмендейді.

Көркем жазу табиғаты, әрине асықпай жазуды талап етеді. Алайда жазудың өте баяу болуы біздің сабағымызға кедергі келтіреді. Сынып жоғарылаған сайын жедел жазу міндеті жүктеледі.

Әдемі, көркем жазу білім алушылардың мінез-құлықтарын тәрбиелейді. Таза, сұлу, көркем жазылған жазба жұмыстары да оңай, тез оқуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар көрер көзге де сүйкімді.

« Бекітемін»

Мектеп директорының м.а:

Ш. М. Айтқанова

Ұялы ауылының негізгі орта мектебінің

2023 – 2024 оқу жылына арналған үйірме

жұмыстарының кестесі

№	Сыныптар	Факультатив атауы	Кім өткізеді	Өтілетін күні	Уақыты
1	1	«Математика және логика»	А.Ж.Кабыкенова	Сейсенбі	11.50
2	4	«Балауса ән мен би»	А.К. Сулеймен	Дүйсенбі	18.25
3	4	«Көркем жазу»	М.М. Боранбаева	Жұма	17.35
4	5	«Тіл мәдениеті»	М.М. Боранбаева	Жұма	10.50
5	6-7	«Көркем сөз мәдениеті»	М.М. Боранбаева	Жұма	14.10
5	8	«Мәнерлеп оқу»	А.К. Сулеймен	Бейсенбі	15.00
6	9	«Зайырлық және дінтану негіздері »	Д.Н. Омаров	Жұма	14.10

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Боранбаева М

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.а.
_____Ш.М. Айгжанова
«___» _____2023ж.

«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылындағы
«Математика және логика »
Үйірме сабағының жылдық есебі
1СЫНЫП

Пән мұғалімі: Кабыкенова А.Ж

2023-2024 оқу жылы

Математика және логика» үйірме сабағының жылдық қорытынды есебі

Үйірме: Математика және логика

Оқу жылы: 2023–2024

Сынып: 1

Мұғалім: (аты–жөні)

Мақсаты:

Оқушылардың математикалық ойлауын, логикалық талдау қабілетін, есеп шығару дағдысын жетілдіру.

Міндеттері:

- Логикалық есептер арқылы ойлау қабілетін арттыру
- Математикалық сауаттылықты дамыту
- Олимпиадалық тапсырмаларға дайындау
- Ұжымдық және жеке жұмыс дағдыларын қалыптастыру

Өткізілген тақырыптар:

1. Логикалық ойлау негіздері
2. Қарапайым математикалық заңдылықтар
3. Есептерді әртүрлі тәсілмен шешу
4. Сандық тізбектер мен фигуралар
5. Уақыт, ақша, массаға қатысты логикалық есептер
6. Олимпиадалық тапсырмаларға дайындық
7. Логикалық ойындар мен тренингтер

Іс-шаралар:

- «Тапқырлар сайысы»
- «Ойша есептеу» жарысы
- Топтық есеп шығару марафоны
- Қызықты есептер апталығы

Қорытынды:

Факультатив сабағы барысында оқушылардың логикалық ойлау, жылдам есептеу және тапқырлық қабілеттері дамыды. Сабақтар қызықты әрі белсенді форматта өтті. Оқушылар пәнге деген қызығушылық танытты.

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.а.:
Ш.М.Айтжанова_____

«Математика және логика» факультативінің жылдық жоспары

2023-2024 оқу жылы

"Математика және логика " 1- сынып Күнтізбелік жоспар аптасына 1 сағат, жылына -34 сағат

Бөлімі	Сабақтың тақырыбы	Тақырыптың мазмұны	Оқу мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
I. Қызықты арифметика 9 сағат.	Сандарды оқу, жазу	Сандарды салыстыру,есептеу	1.1.1.1 натурал сандар және нөл санының құрылу жолын түсіну; 10/11-20 көлемінде тура және кері санау; натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	1	05.09
	1-ден 10-ға дейінгі сандарды қосу және азайту	Шапшаң қосу мен азайтуға үйрету	1.1.1.3 бір таңбалы сандардың құрамын /20 көлемінде сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу	1	12.09
	Сандардың разрядтық құрамы, ауызша қосу және азайту	Сандармен амалдарды орындау	1.1.2.2 қосу және азайту - өзара кері амалдар екенін түсіну, қосу және азайту амалдары компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты анықтау	1	19.09
	Заңдылықты сақтап сандар табу	Бір таңбалы сандарды заңдылықты сақтай отырып қосу мен азайту	1.1.1.5 20-ға дейінгі сандарды 2-ден топтап тура және кері санау; тәжірибе арқылы 2, 4, 6, 8, 10 заттың жартысын табу	1	26.09
	Математикалық диктант	Естуі бойынша амалдарды жаздыру	1.5.2.2 «+», «-», «=» таңбаларын, цифрын қолдану 1.5.2.4 қосу мен азайту амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану	1	03.10
	Қасиетті сандар	Қазақтың киелі сандары туралы түсінік беру	1.5.1.2** сандарды салыстыру кезінде қолданылатын ұғымдарды пайдалану/заттар арасындағы арақашықтықты, бағытты, орналасуын анықтайтын терминдер	1	10.10
	Байырғы өлшеуіштер	Қазақтың байырғы ұзындық,сыйымдылық өлшемдері	1.1.3.2 өлшем бірліктерді қолданып өлшеу	1	17.10
	Математикалық эстафета	Шапшаң шығарылатын есептер шығарту	1.1.2.5** ондықтан аттамай бір таңбалы сандарды ауызша қосу және азайту тәсілдерін қолдану	1	24.10

	Кім шапшаң?	Бөлім бойынша игерген тапсырмаларды бекіту	1.4.3.1** 10-ға дейінгі сандар тізбегін және кері ретпен сандардың тізбегін құрастыру	1	07.11
II.Ойлауға берілген есептер 12 сағат	«Бос тор көзді толтыр»	Санды және әріпті өрнектер	1.2.1.1 санды өрнектерді (қосынды,айырма) құрастыру, жазу, оқу, ажырату	1	14.11
	«Теңдікті жалғастыр»	Теңдік құрауға арналған есептер	1.2.2.1 теңдік және теңсіздікті, теңдеуді, тура және тура емес теңдік пен теңсіздікті айыра білу	2	21.11 28.11
	«Сандарды орналастыр»	Суреттің орнына сан қойып есептеу	1.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді (қосынды, айырма) құрастыру, жазу, оқу, ажырату	1	05.12
	Графикалық моделдеуге берілген есептер	Сызба бойынша есептеулер жүргізу	1.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және толықтыру/ қолда бар құралдарды пайдаланып, кесте, диаграмма (пиктограмма, гистограмма) құрастыру	2	12.12 19.12
	Бос тор көзді толтыр	Кестелердің көмегімен есептер шешу	1.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және толықтыру/ қолда бар құралдарды пайдаланып, кесте, диаграмма (пиктограмма, гистограмма) құрастыру	1	26.12
	Логикалық есептер	Логикалық есептер шығару	1.4.2.2 сәйкестік пен ақиқаттықты анықтауға берілген қарапайым логикалық есептерді шығару	1	09.01.24
	«Санайық ,есептейік, ойланайық»	Заңдылықпен санап, есептеу	1.4.4.1 қоршаған ортадағы заттардан «екі - екіден» комбинациялар жиынын құрастыру	2	16.01 23.01
	Теңдік құра	Мәтін есептерден қарапайым теңдік құру	1.2.2.1 теңдік және теңсіздікті, теңдеуді, тура және тура емес теңдік пен теңсіздікті айыра білу	1	30.01
	Теңдеу құру	Мәтін есептерден күрделі теңдеу құру	1.2.2.2 таңдау әдісімен және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешу	1	13.02
III. Геометриялық	Геометриялық фигуралар сызу	Фигуралармен танысу,сызу	1.3.2.1 түзу, тұйықталған және тұйықталмаған және қисық, сынық сызықты жазықтықта / қарапайым жазық геометриялық фигураларды (үшбұрыш, төртбұрыш) нүктелі қағазда кескіндеу	1	20.02
	Фигураларды салыстыру(көлеміне, орналасуына)	Фигуралардың айырмашылығын табу	1.3.2.4 геометриялық фигуралар арасындағы негізгі қатынастарды анықтау (үлкен-кіші, жоғары-төмен, кең-тар, жуан-жіңішке, қалың-жұқа)	1	27.02

	Жазық фигуралардың түрлерін салайық!	Жазық фигуралар қабырғаларын өлшеу	1.3.2.3 жазық фигуралардың моделдерінен және бөліктерінен композиция құрастыру	1	05.03
	Кеңістік фигуралардан пішіндер құрастырайық!	Кеңістік фигуралар қабырғаларын өлшеу	1.3.1.3 геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) қабырғаларын өлшеу және салыстыру	1	12.03
	«Фигураларды тап» іздеп, тауып, белгіле	Фигураларды тауып, белгілеу	1.3.1.3 геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) қабырғаларын өлшеу және салыстыру	1	19.03
	Геометриялық фигуралардан бейне салу	Фигуралардан бейне жасау	1.3.2.3 жазық фигуралардың моделдерінен және бөліктерінен композиция құрастыру	1	02.04
	Нүктелер ,координаталарды анықтайық!	Тиісті ,тиісті емес нүктелер	1.4.1.2 жиындарды элементерінің белгілері (нысандардың түсі, пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша құру және жіктеу	1	09.04
IУ.Сөйлеуді қалыптастыруға арналған тапсырмалар 7 (сағат)	Математикалық жұмбақтар өлеңдер жаттау	Математикалық сөздік қоры дамиды	1.4.2.2 сәйкестік пен ақиқаттықты анықтауға берілген қарапайым логикалық есептерді шығару	1	16.04
	Математикалық мақал-мәтелдер	Математикалық мақал-мәтелдерді оқып,өз беттерінше де құрастырады	1.5.1.4 санды бірнеше бірлікке арттыру, кеміту, айырмалық салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару; кері есептер	1	23.04
	Сандарды тап! Сөзжұмбақ құрастыр	Зз беттерінше де құрастырады	1.2.1.2 әріптің берілген мәніндегі бір амалды әріпті өрнектің мәнін табу	1	30.04
	Ребустар шешу	Математикалық ребустар шешу және құрастыру	1.4.2.2 сәйкестік пен ақиқаттықты анықтауға берілген қарапайым логикалық есептерді шығару	1	14.05
	Сандар тізбегін құру, шешу	Қосу алу амалдарына сандар тізбегін құрастырады	1.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді (қосынды, айырма) құрастыру, жазу, оқу, ажырату	2	21.05

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.а.:
_____
Ш.М. Айтжанова

«Балауса ән мен би»
факультативтік курстың
жылдық жоспары
2-4 сынып

Білімділік мақсаты:

- Балалар өздерінің жеке мүмкіндіктерін толықтай пайдалана білуіне жол ашу, музыкаға, биге құштар болуға, ізденіске, шығармашылыққа биім болуға баулу.
- Оқушылардың дене бітімін шынықтырып, күшейту.
- Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Биді түсіну және билеу қабілетін қалыптастыру.
- Өзін - өзі ұстай білуге тәрбиелеу.

Дамытушылық мақсаты:

- Сезіну, есту қабілетін дамыту.
- Қимыл - қозғалыс аппараттарының жүрек қан айналымын реттеп, жақсарту.
- Дененің дұрыс бітімін қалыптастыру, дұрыс демалу, дер кезінде дұрыс қимылдарын жетілдіру.
- Билеу кезінде би қозғалысы арқылы оның мәнерлілігін арттыру.
- Би қозғалысы кезінде би үйрену дағдыларын қалыптастыру.

« Балауса ән мен би» факультативтік курсының күнтізбелік жоспары

2-4 сынып

Аптасына 0,5 сағаттан 17 сағат

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өтілетін мерзімі
1	Бастапқы қалып. Денені дұрыс ұстау. Тұрақтылыққа арналған жаттығулар	1	04.09.2023
2	Ән айту ережесі	1	18.09.2023
3	Тыныс алу жаттығулары	1	02.10.2023
4	Аяқтың қалыпты жағдайы 1 - 6 кезең	1	16.10.2023
5	Ұлдар менқыздардың көпшілікке иіліп сәлем беруін үйрету	1	06.11.2023
6	Әндік дыбыс жаттығулары	1	20.11.2023
7	Ән «Ұстазым»	1	04.12.2023
8	Қолдың қалыпты жағдайы 1 - 6 кезең	1	25.12.2023
9	Вальстің қадамдарын үйрету	1	08.01.2024
10	Ән «Мереке»	1	22.01.2024
11	Музыкалық жаттығулар	1	05.02.2024
12	«Полька» биінің қадамын үйрету	1	19.02.2024
13	«Полька»биін талдап үйрету	1	04.03.2024
14	Ән «Менің Қазақстаным»	1	18.03.2024
15	Әндік демді дұрыс алу	1	01.04.2024
16	Қазіргі заманғы биді үйрету	1	22.04.2024
17	Балалар биі	1	29.04.2024

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.а.
_____Ш.М. Айтжанова
«__» _____2023ж.

«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылындағы
«Балауса ән мен би»
үйірме сабағының жылдық есебі

Пән мұғалімі: Сулеймен Ә.К

«Балауса» ән мен би үйірмесінің жылдық есебі

Оқу жылы: 2023–2024

Мекеме: Ұялы ауылының негізгі орта мектебі

Үйірме жетекшісі: Сулеймен Ә.К

Мақсаты:

Оқушылардың музыкалық-эстетикалық талғамын қалыптастыру, сахналық мәдениетке баулу, ән мен биді сүйіспеншілікпен қабылдайтын тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Халық әндері мен би мұрасын таныту
- Музыка мен ырғақ сезімін дамыту
- Ұжымдық өнер көрсетуге дағдыландыру
- Дарынды оқушыларды анықтап, шыңдау

Жыл бойы атқарылған жұмыстар:

1. Ән айту және би қимылдарын үйлестіру жаттығулары
2. Қазақ халқының дәстүрлі әндері мен билерін үйрену
3. Ұлттық мерекелерге арналған концерттік бағдарламаларға қатысу
4. Мектепішілік және аудандық өнер байқауларына қатысу
5. «Наурыз думан», «Тәуелсіздікке тарту», «Жаңа жыл кеші» сияқты іс-шараларға ән-бимен қатысу

Қорытынды:

Үйірме жұмысы нәтижелі өтті. Оқушылар сахнада еркін сөйлеуді, ән айту мен би өнерін меңгерді. Үйірме оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттырып, өзіне сенімділіктерін күшейтті.

« Бекітемін»

Мектеп директорының м.а.:

Ш. М. Айтжанова

«Мәнерлеп оқу»

Факультативтік курстың жылдық оқу жоспары

5 сынып

2023 -2024 оқу жылы

Түсінік хат

5-сыныптар үшін «Тіл мәдениеті» факультативтік курсына арналған бұл күнтізбелік жоспар бастауыш сыныптағы оқу сабағының бағдарламасына сәйкес құрастырылды.

«Тіл мәдениеті» сабақтарында оқушылардың тілі мен сөздік қорын, тіл байлығы мен дұрыс жазу, көркем жазу мәдениетін қалыптастыра отырып әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелеу, рухани дүниесін кеңейту, ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал ету.

Тіл- қарым-қатынас құралы. Бүгінгі күні баланың тілін, ой-қиялын дамытуға халық ауыз әдебиетінің ролі ерекше, соның негізінде мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, ертегілер оқуды жоспарладым.Мәнерлеп оқу баланың танымдылық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын ықпал етеді.Мәнерлеп оқу баланың бойындағы жақсы қасиеттерін, сезімін, табиғи қабілетін, дарынын дамытады. Оқушылардың ой шапшаңдығын, сөз байлықтарын жетілдіріп, шығармашылыққа баулиды.Оқушылармен ертегі оқу барысында пәнаралық байланыс қоршаған дүниемен қатынас, еңбек, бейнелеу өнерімен тығыз байланыс жүзеге асады.Сонымен қатар оқушыларды таза, сауатты, көркем жазуға дағдыландыру көзделеді.

Мақсаты:

-Оқушылардың сауатты жазу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорын байыту, байланыстыра сөйлеу дағдысын одан әрі дамыту.
-Оқушылардың көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын арттыру.
-Адамгершілік, елжанды-Отансүйгіштік, этика-эстетикалық тәрбие беру.

Міндеті:

-Оқушылардың еркін шығармашылдықпен ойлануына оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімінің болуына жағдай жасау.
-Оқушыларға тіл өнерінің шеберлігін, шешендігін үйрету.
-Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы өңдеу жұмыстар арқылы белсенділікке ынталандыру.
-Таза, көркем, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру.
-Мәнерлеп айта білу дағдыларын жетілдіру.
-Ой екпінін дұрыс қойып оқу, дауыс ырғағын сақтап, дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп оқу.

«Тіл және жазу мәдениеті» факультативтік курсының күнтізбелік жоспары

5-сынып

Аптасына 0,5 сағаттан 17 сағат

		Тақырып	Сағат саны	Мерзімі
		1-тарау Тіл және сөйлеу	**7 сағат**	
1	1	Тіл-қатынас құралы	1	8.09
2	2	Сөйлеу түрлері(ауызша)	1	22.09
3	3	Сызба бойынша сөйлем құрау	1	6.10
4	4	Сөзге дыбыстық талдау жасау	1	20.10
5	5	Тірек сызбалар арқылы сөйлем құрау	1	10.11
6	6	Сурет бойынша әңгіме , өлең құрау	1	24.11
7	7	«Ана тілім-айбыным» өлең жаттау	1	8.12
		2-тарау Бабалар сөзі-даналық көзі	**10сағ**	
8	1	Асыл сөз. Асанқайғы	1	22.12
9	2	Ел аузынан	1	19.01
11	3	Жиренше шешен	1	2.02
12	4	Ертегі желісі бойынша өлең жазу	1	16.02
13	5	Қожанасыр хикаялары	1	1.03
14	6	Жаңылтпаштар жаттау	1	15.03
15	7	Алдаркөсе	1	12.04
16	8	«Туған жер» әңгіме құрау	1	26.04
17	9	Өтірік өлеңдер	1	10.05
18	10	Қорытынды сабақ. Ертегі «Жақсылық пен Жамандық»	1	24.05

«Бекітемін»
Мектеп директорының м.а.
_____Ш.М. Айтжанова
«___» _____ 2023ж.

«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылындағы
«Мәнерлеп оқу »
Үйірме сабағының жылдық есебі
8 СЫНЫП

Пән мұғалімі: Сулеймен Ә.К

2023-2024 оқу жылы

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында мәнерлеп оқу жолдарын үйрету

Қай ұстаз болмасын өз шәкіртінің дұрыс сөйлеп, ойын шебер жеткізе білгенін қалайды. Бұл орайда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің рөлі ерекше деп ойлаймын. Баланың сөз мағынасын, сөйлем мәнін ұғынуында мәнерлеп оқудың да маңызы зор.

Жалпы мәнерлеп оқу дегенде тек поэзияны ғана мәнерлеп оқи білу деп түсінбеуіміз керек. Мен өзімнің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында әрбір қарапайым сөйлемді дұрыс нақышына келтіре оқи білу, әрбір кейіпкер сөзін сол кейіпкер бейнесінде толғай білу, әрбір мақалдың негізгі ойын дұрыс айтып жеткізе білу, әрбір өлең жолдарын мәнімен, ұйқас, ырғақтарын ұғып тұрып жеткізу жолдарын үйретуге тырысамын. Ол үшін бала ең алдымен оқиын деп тұрған сөйлемнің, мақалдың немесе өлең жолдарының мағынасын, айтпақшы ойын анық түсіне білуі керек.

Екіншіден, әрбір тыныс белгісінің мәнін ұғып, соны дұрыс пайдалана білуі тиіс.

Үшіншіден, өлең сөздің ұйқас ырғақтарын, бунақ тармақтарын ажырата білуі керек. Демек, бұдан келіп шығатын қорытынды нағыз мәнерлеп оқи білетін бала қазақ тілі мен әдебиеті теориясынан толық білімді болып шығады екен. Бұлай дейтін себебіміз, егер оқушы қазақ тіліндегі тыныс белгілерін (пунктуация) не үшін қойылатынын, әдебиет теориясында теңеу, эпитет, метонимия, метафора, т.б. сияқты ұғымдардың қандай жерлерде не мақсатпен жазылатынын білмесе, онда оқушының мәтін мазмұнын дәл ұғып, түсінуі қиындау болар еді.

Мысал келтірсек: қазақ тілі.

-Ия, алдымен айта кетейін: Отан, ата-мекен, ата-баба, ұрпақ, қазан-ошақ, ағайын-туыс деген қасиетті сөздер сол шақта да нақ осы күнгі сияқты мән-мағынада болған. Осы сөйлемді тыныс белгілерін алып тастап оқысақ,

сөйлем өзінің жеткізейін деп тұрған қасиетті ұғымынан мүлде алыстап, түсініксіз былдыр болып шығар еді. Немесе, «Бидайдың кеудесін көтергені – дақылының жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені – ақылының жоқтығы»- деген мақалдағы сызықша мен үтірді алып тастасақ та, жоғарыдағыдай жағдайға душар болар едік.

Бірінші сөйлемді оқығанда бала түсінігінде « Отан, туған жер, туыс, ата-баба» сияқты сөздердің қасиетін ұғатындай ұғым болуы керек десек, мақалды оқығанда бала дарақылық, мақтаншақтық сияқты жаман қылықтардан жиренетіндей дәрежеде болуы керек. Сонда ғана мақал өз дәрежесіне сай жеріне жеткізіле айтылады. Сәкеннің «Сыр сандық» өлеңінен үзінді келтірейік:

«Сыр сандықты// ашып қара,
Ашып қара // сырласым.
Сым пернені// басып қара;
Басып қара// жырласын!
Сұлу сымда// перне әуені
Перне әуені// жыр айтар
Көңіл ашар// тербеу әні,
Тербеу әні //сыр айтар».

Міне, бұл жолдарды оқығанда оқушы сыр сандықтың адамның жан дүниесі (метофора), сым перненің көңіл – күйі (метафора) және әр шумақтың бунақ, тармақтан тұратынын ажырата білуі керек, сонда ғана ол ақын жанын түсініп, сезіміне еніп, тыңдаушы жүрегіне сол сұлу сазды, сырлы назды жеткізе алады.

М. Әуезовтың « Көксерегінде» Құрмаштың әжесінің мына бір сөзіне назар аударайықшы:

« Түу, мына кәпірдің екі көзі жап – жасыл боп кетіпті – ау, тұқымын сезген екен мына жүзіқара; Қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық»,- деп еді.